# Microsoft Teams қолдану бойынша нұсқаулық

Microsoft Teams бағдарламалық қосымшасын орнату үшін Google браузерін ашыңыз, адрестік жолда [www.microsoft.com](http://www.microsoft.com) теріңіз







Ашылған терезенің оң жақ бұрышында Microsoft-тың барлық өнімдері деген команданы басыңыз

# Microsoft Teams таңдаңыз









Жүктелген файлды іске қосыңыз.
Іске қосу басыңыз.



Бағдарлама орнатылып болғаннан кейін, жұмыс үстеліндегі бағдарламаны іске қосыңыз. Ашылған терезеде корпоративтік пошта адресін теріңіз.







Корпоративтік пошта адресін Univer жүйесінен көре аласыз, Басты бет/Жеке профайл.




Корпоративтік поштаңыздың құпиясөзін енгізіңіз.

Команда құру. Команда оқытушылар мен студенттер үшін бірегей рұқсаттар мен функцияларға ие. Топ иелері болып табылатын оқытушылар тапсырмаларды тағайындай алады және тексере алады, сондай-ақ арналар мен файлдарды жасай алады . Әр топта сабақ үшін OneNote жеке жазба кітапшасы бар. Студенттерге топта келесі мүмкіндіктер бар:

Арналарда бірлескен жұмыстар

Файлдарға ортақ қолжетімділік

Сол жақтағы панельде Командалар таңдаңыз

**Топқа қосылу немесе құру > жаңа топ құру түймешігін басыңыз.**



Команда үшін аты мен міндетті емес сипаттама енгізіңіз, содан кейін **Әрі қарай** басыңыз. Мысалы: "Мамандық, курс, пән атауы".



Сіз өзіңіздің командаңызды құрғаннан кейін, ол командаға студенттерді қосу үшін, команданың оң жағында (...) басыңыз, ашылған терезеде *Қатысушыны қосуды* таңдаңыз.



Ашылған терезенің жолында студенттің тегін теріп, **Қосу** батырмасын басыңыз.



Осылайша, команданың барлық қатысушыларын қосуға болады. Барлық қатысушылар қосылғаннан кейін **Жабу** түймешігін басыңыз .



Команданы таңдаңыз, (...) түймешігін басыңыз, ашылған мәзірден Арнаны қосу таңдаңыз



Арна атауын енгізіңіз (мысалы, 10 апта) **Қосу** түймешігін басыңыз.



Құрылған арнаға (10 апта) папкасын қосыңыз. Файлдар түймешігін басып, мәзірден папканы таңдаңыз.



10 зертханалық жұмыс сияқты папканың атауын енгізіңіз

**Құру** түймешігін басыңыз.



Жасалған папкада Жіберу түймешігін басыңыз



Ашылған терезеден қажетті файлды таңдаймыз және **Ашу** батырмасына басыңыз.



Папкада таңдалған файл пайда болады . Осылайша, басқа файлдарды жүктеуге болады. Студенттерден орындалған тапсырмаларды алу үшін «Студенттердің жауаптары» деген папка жасауға болады.






Сабақты бастау үшін командалық жолда @ символын қолданып, барлық қатысушыларды қосу керек және студенттердің тегін теріңіз. Мысалы @Майханова Акмаржан @Сарсенгали Бота



**Жауап беру** командалық жолда студенттермен чат бастау үшін хабарлама жазыңыз.



Бейне-видео сабақты пайдалану үшін мәзірдің төменгі жағында камера белгісін басыңыз.



Қатысушыны шақыру үшін студенттің тегіне жақын орналасқан (...) батырмасын басыңыз. ***Қатысуға сұрау*** басыңыз.



Сондай-ақ, түрлі қолданбаларды пайдалануға болады. Ол үшін (+) белгісін басыңыз



Мысалы, 10-шы аптаға бөлек қойындымен Дәріс (презентациямен), Семинар (тапсырманы құрастырумен ), Тапсырмалар (студенттерге арналған тапсырмалар) құруға болады










